

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 20 маусым 1996 ж. N 759. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық атқарушы органдар, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, Білім министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Білім министрлігі туралы Ережеге қайшы келетін нормативтік актілердің қайта қаралуын қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасының Білім министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 маусымдағы N 524 P930524_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 24, 295-бап);

"Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 22-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж, N 5, 62-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 20 маусымдағы
N 759 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі республиканың білім саласына басшылық ететін орталық атқарушы органы болып табылады. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі өз қызметін басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдармен қарым-қатынас жасай отырып жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, басқа да нормативті құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі заңды тұлға болып табылады, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес банк мекемелерінде тиісті (оның ішінде валюта) есебі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі болады.

II. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің негізгі міндеттері

4. Қазақстан Республикасы білім министрлігінің негізгі міндеттері: қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді басымдықтары негізінде білім беруді дамыту стратегиясын қалыптастыру және жүзеге асыру;

республика азаматтарының міндетті орта білім алуын қамтамасыз ету, білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау;

мектепке дейінгі, мектептен тыс, жалпы орта білім, кәсіптік-техникалық, орта арнаулы, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және тиісті қосымша білім мазмұнын анықтау, кадрлардың білімін көтеру және қайта даярлау, білімінің дербестік және әлеуметтік бағыт-бағдарын қамтамасыз ету, азаматтардың білім алу мүмкіндігінің түрлі деңгейін кеңейту;

білім саласы бойынша Қазақстан Республикасы заңдарына орындалуына мемлекеттік бақылау жүргізуді жүзеге асыру, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік түрлеріне қарамастан барлық деңгейдегі білім мекемелерінің қызметін бағалаудың бірыңғай жүйесін құру;

жоғары мектептердің ғылыми қызметін басқару тетігін жасау және жүзеге асыру, жоғары және тиісті қосымша білім мекемелерінде ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру;

білім жүйесін қалыптастырудың экономикалық тетігін жетілдіру, мүдделі министрлікпен, мемлекеттік комитеттермен, басқа да орталық атқарушы органдармен бірлесе отырып, осы саланың қаржы саясатын қалыптастыруға

қатысу, меншіктің түрлі нысандарындағы оқу орындарын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау;

ғылыми-зерттеулер мен оқу процесінің материалдық-техникалық және тәжірибе-өндірістік базасын дамыту;

білім саласында халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту.

III. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің атқаратын қызметтері

5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай қызметтер атқарады:

өз құзыры шегінде барлық деңгейдегі білім мекемелерінің қызметін ретке келтіретін және барлық мемлекеттік білім мекемелеріне үлгі болып табылатын нормативті актілерді әзірлейді және бекітеді;

білім мен жоғары оқу орны ғылымы саласында мемлекеттік (ұлттық), мақсатты және халықаралық бағдарлама жасауға және оны жүзеге асыруға қатысады;

ведомстволық бағыныстылығы мен меншік түрлеріне қарамастан, түрлі білім мекемелерінің түлектеріне қойылатын қажетті ең төменгі талап деңгейін анықтайтын тиісті жалпы міндетті білім үлгілерін жасайды және бекітеді;

мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, республиканың басқа да орталық атқарушы органдарымен бірлесе отырып, мамандар даярлайтын кәсіптік-техникалық мектептер мен орта арнаулы және жоғары оқу орындарындағы мамандықтар (кәсіптер) тобын (тізімін) және оқу орындары қызметтерінің тәртібін анықтайды;

оқыту технологиясы саласында оқушылар мен студенттердің, педагог қызметкерлердің шығармашылық белсенділігін дамытуға, білім берудің барлық деңгейінің тиімділігін көтеруге, бағытталған жаңа саясат жүргізеді;

белгіленген тәртіппен білім мекемелерінің педагог, басшы және басқа да қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды, аттестациядан өткізуді ұйымдастырады;

білім саласының барлық түрінде ғылыми-әдістемелік жұмыстарды, оқу әдебиеттері мен оқу құралдарын және жабдықтарын шығаруды ұйымдастырады, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің оқу және ғылыми мекемелерінде жүргізілетін іргелі және іздеу ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағдарламаларын жасайды және оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

ведомстволық бағыныстылығы мен меншік түрлеріне қарамастан кадрлардың біліктілігін арттыру және даярлауды және қайта даярлауды жүзеге асыруда оқу орындары мен білім мекемелерін лицензиялау, аттестациялау және тіркеу үшін заңда белгіленген тәртіппен нормативті құжаттар мен үлгі ережелер (нұсқаулар,

регламенттер) шығарады және бекітеді;

ведомстволық бағыныстылығымен меншік түрлеріне қарамастан кадрлардың біліктілігін арттыру мен даярлауды және қайта даярлауды және жүзеге асыратын жоғары және арнаулы орта оқу орындары мен білім мекемелерін лицензиялайды, аттестациядан өткізеді және тіркейді;

жалпы орта және кәсіптік-техникалық білім мекемелерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары (департаменттері) лицензиялайды;

еңбек рыногының мамандарға деген қажетсінуін зерттеуге, оларды даярлау болжамын жасауға қатысады;

білімге мамандар мен ғылыми-педагог кадрларды даярлау (қайта даярлауға), жоғары мектептерде ғылыми қызметті жүзеге асыруға бөлінетін бюджет қаржысының көлемін анықтау, сонымен бірге республикалық нормативтерді белгілеу мен тиісті білім және ғылыми мекемелерді қаржыландыру жұмысына қатысады;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, басқа да орталық атқарушы органдармен келісе отырып, республикалық бюджет қоры есебінен қаржыландырылатын республикалық деңгейдегі бағынысты (әскери оқу орындарынан басқа) білім мекемелеріне оқушылардың барлық санаттарын қабылдаудың жалпы жоспарын белгілейді;

магистратура, аспирантура, докторантура ашады және заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік ведомстволық жоғары және тиісті қосымша білім мекемелерінде, ведомстволық ғылыми ұйымдарда олардың қызметін тоқтатады;

ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім мекемелеріне, магистратураға, аспирантураға, докторантураға азаматтар қабылдаудың жалпы тәртібін белгілейді;

білім мекемелері желісінің дамуына болжау жасайды; республиканың тиісті орталық атқарушы органдарының келісімімен Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік орта арнаулы және жоғары білім мекемелерін құру, қайта құру және тарату туралы ұсыныс енгізеді; Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің басқа да орталық атқарушы органдарының, облыстардың, республика деңгейіндегі қалалардың және астана әкімдерінің мектепке дейінгі, мектептен тыс, жалпы, орта кәсіптік-техникалық білім беретін мемлекеттік мекемелерін сонымен бірге кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау мекемелерін құру, қайта құру, тарату туралы ұсыныстарын қарайды;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік жоғары оқу орындарының және арнаулы орта оқу орындарының атауларын өзгерту мен

олардың желісін ұйымдастыру туралы ұсыныс енгізеді;
іргелі ғылыми зерттеулерді, оның ішінде гарант іздестіру және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар негізіндегі зерттеулерді дамытудың практикалық шараларын жүзеге асырады және ғылыми-зерттеулер мен талдамалар нәтижелерін практикада тиімді жүзеге асыруға және оқу процесіне енгізуге бағытталған ұйымдық-экономикалық және инновациялық қызметтердің дамуына жәрдемдеседі;

мемлекеттік оқу орындары үшін жалпы орта білім, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта білім, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттар үлгілерін жасайды және бекітеді, олардың баламалылығын анықтайды, халықаралық шарттар негізінде білім деңгейіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік құжаттарды мойындау (нострификация) мәселелерін шешеді;

жоғары мектептің Қазақстан Республикасының Ғылыми министрлігі - Ғылым академиясымен, академия салаларымен, экономиканың іргелі және қолданбалы ғылым жүйесін жасау мен өндіру салаларымен ынтымақтастығын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарға (келісімдерге) қатысты ұсыныстарын әзірлейді, білім саласында халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді, оқушыларды, студенттерді, аспиранттарды, докторанттарды, мемлекеттік білім мекемелерінің ғылыми педагогикалық және басқа қызметкерлерін шетелге іссапарға жібереді, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына (келісімдеріне) сәйкес шет ел азаматтарын мемлекеттік оқу орындарында оқуға қабылдауды, сынау мерзімінен өткізуді және біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

шетелдік серіктестермен келіссөз жүргізеді және өз құзыры шегінде халықаралық шарттарға (келісімдерге) және білім саласындағы, сондай-ақ ғылыми қызмет саласындағы бағдарламаларға қол қояды;

шет ел оқушыларына, студенттері мен мамандарына визалық қолдауды жүзеге асырады, заңда белгіленген тәртіппен шет елге шығу үшін тиісті құжаттарды дайындайды, шет елдерде өз өкілдігін және Қазақстан Республикасында шет ел ұйымдарының - әріптестерінің өкілдігін ашады;

білім мен ғылым проблемалары бойынша конференциялар, симпозиумдар, кеңестер, көрмелер, пән олимпиадалары мен конкурстар, оның ішінде халықаралық көлемде өткізуді ұйымдастырады;

білім және жоғары оқу орны ғылымы жүйесін қалыптастыруды айқындайтын заң актілерінің және басқа да нормативті актілер жобасын жасауға қатысады;

республикалық бағыныстағы ведомстволық білім мекемелері мен ғылыми ұйымдары республикалық бюджет қаражаты және басқа да көздер есебінен

қаржыландыруды жүзеге асырады;

тиісті білім мекемелерінде еңбекақы төлеудің мемлекеттік нормативі туралы ұсыныс әзірлейді;

қоғамдық бірлестіктермен, мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, республиканың басқа да орталық атқарушы органдарымен бірлесе отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың, оқушылардың, студенттердің, аспиранттардың, докторанттардың, тыңдаушылардың және сала қызметкерлерінің еңбек, тұрмыс, демалыс және медициналық қызмет көрсету жағдайын жетім балалар мен ата-анасыз қалған панасыз, мінез-құлық-дене дамуында ауытқушылығы бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік қорғау шараларын әзірлейді және жүзеге асырады;

білім мекемелерінде денешынықтыру - спорт процестерін ұйымдастыру мен әдістемелік жетекшілікті жүзеге асырады, мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және республиканың басқа да орталық атқарушы органдарымен бірлесе отырып, білім жүйесінің мектептен тыс мекемелерінде, оқу жаттығу орталықтарында спорт резервтерін даярлау жұмысын үйлестіреді, оқушылар және студенттер командаларының халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесе отырып, оқушы жастардың әскери дайындығы туралы ережені жасайды және бекітеді, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік түрлеріне қарамастан жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында студенттердің әскери дайындық жұмыстарын, оқу орындарында студенттердің әскери дайындық жұмыстарын, оқу орындарында оқушы жастардың әскерге дейінгі, әскер жасындағы алғашқы әскери дайындық жұмыстарын ұйымдастырады;

заңда белгіленген тәртіппен республикалық бағыныстағы (әскери, дербес және халықтан басқа) жоғары және арнаулы оқу орындарының, сондай-ақ ведомстволық оқу орындарының және республикалық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

атқарушы үкіметтің жергілікті органдарының облыстардан республикалық мәні бар қалалардың және астананың білім басқармалары (департаменттері) басшыларын қызметке тағайындау мен қызметтен босату туралы ұсыныстарын келіседі;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің грамоталарымен және құрмет белгілерімен марапаттайды, сондай-ақ білімнің дамуына ерекше үлес қосқан қызметкерлерді (қажет болған жағдайда тиісті министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен басқа да орталық атқарушы органдармен келісе отырып) мемлекеттік наградаға ұсынады;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ведомстволық білім

мекемелеріне, республикалық бағыныстағы басқа да мекемелер мен ұйымдарға
қ ұ р ы л т а й ш ы б о л а д ы ;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, республиканың басқа да
орталық атқарушы органдарының білім саласындағы нормативті актілерін
к е л і с і п о т ы р а д ы ;

мемлекеттік жоғары және орта арнаулы оқу орындары басшыларының
аймақтық кеңестерінің қызметін ұйымдастыру мен құруға көмектеседі;
білім процесін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етудің
мемлекеттік нормативін жасайды;

белгіленген тәртіппен жинақтауды, өңдеуді, талдау жасауды және білім
саласына мемлекеттік статистикалық есеп жүргізуді жүзеге асырады, оның
дұрыстығын қамтамасыз етеді;

білім мекемелерінде оқу жылының басталуы мен аяқталуын, сондай-ақ
оқушылар үшін каникул мерзімін анықтайды;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік білім мекемелерінде ақылы
қызмет көрсету тәртібін анықтайды;

6. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жалпы орта білім,
кәсіптік-техникалық, орта арнаулы, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және
тиісті қосымша білім жүйесін салааралық және аймақаралық реттеуге қатысады.

IV. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің құқықтары

7. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі:

өзінің құзырына кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдауға, осы
мәселелер бойынша түсінік (консультация) беруге;

заңда белгіленген тәртіппен білім мекемелерін, тікелей өзіне бағынатын басқа
да ұйымдарды құруға және таратуға;

жоғары оқу орны ғылымы мен білім саласындағы міндеттерді шешу үшін
уақытша шығармашылық ұйымдар құруға;

заңда белгіленген тәртіппен журнал, газет және басқа да басылымдар
шығаруға ;

білім мекемелерін және білім басқармасының ұйымдарын өз құзырындағы
мәселелер бойынша тексеруге, сондай-ақ бұл құқықты тиісті мемлекеттік білім
басқармасының органдарына беруге;

ведомстволық ұйымдарда білім қызметіне, ғылыми-зерттеу және
тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға бөлінген республикалық бюджет
қаражатының тиімді пайдаланылуын тексеру жүргізуге құқы бар.

V. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің

8. Қазақстан Республикасының Білім министрлігін министр басқарады, оны Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Министр министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз қызметтерін жүзеге асыруына жеке жауап береді.

Министрдің орынбасарларын Қазақстан Республикасы Білім министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

9. Қазақстан Республикасының Білім министрі:

Дара басшылық принципінде министрліктің қызметіне жедел басшылық жасайды, өз құзыры шегінде шешімдер қабылдайды және бұйрықтар шығарады;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің құзырына кіретін мәселелер бойынша нормативті құқықтық актілер жобасын ұсынады;

Қазақстан Республикасы Білім министрінің орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөледі;

Үкімет бекіткен Қазақстан Республикасы Білім министрлігі орталық аппаратының құрылымы шекті санына сәйкес орталық аппараттың штат кестесін, оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені, сондай-ақ бекітілген қаржы шегінде Министрліктің орталық аппаратын ұстауға шығын сметасын бекітеді;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің орталық аппаратының қызметкерлерін, министрлік жағынан құрылған мекеме басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің орталық аппаратының мемлекеттік қызметшілерін кем дегенде үш жылда бір рет аттестациядан өткізуді және мемлекеттік қызметтің бос орнына конкурс жариялауды ұйымдастырады;

мемлекеттік жоғары және орта арнаулы оқу орындары басшыларының аймақтық кеңестерінің төрағаларын бекітеді;

белгіленген тәртіппен ерекше көзге түскен қызметкерлерге атақтар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын беруге ұсынады;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

қажет болған жағдайда өзіне берілген жекелеген өкілеттіктерді бағынысты лауазым иелеріне беруге құқы бар.

10. Қазақстан Республикасының Білім министрлігінде Министр жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылатын алқа құрылады. Алқа құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген санға сәйкес Министрдің

орынбасарларының (қызметі бойынша) және Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының қатарынан Қазақстан Республикасының Білім министрі бекітеді.

11. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі қабылдаған шешімдер Қазақстан Республикасы Білім министрінің бұйрығымен ресімделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК